

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	070
Жинақтағы беттері	323-329
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 34:342.4(574)
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Абдуғани Жанерке Нұржанқызы
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды
Мақала атауы	ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

## СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ/ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

### Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства

ӘОЖ 34:342.4(574)

#### ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Абдугани Жанерке Нұржанқызы

[ternovayans@mail.ru](mailto:ternovayans@mail.ru)

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің Ю-44к-21 студенті, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің «Конституциялық және халықаралық құқық» кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м. Ерёменко Н.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 39-бабына сәйкес, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады [1]. Қазақстан халқы Ассамблеясы - 1995 жылғы 1 - наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган [2;5].

Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңында Қазақстан халқы Ассамблеясы – заңды тұлға түрінде құрылмайтын, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме деп түсіндіріледі [3].

Қазақстан халқы Ассамблеясы – Қазақстандағы этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ететін ерекше мекеме. Ол елдегі барлық этностардың тең құқықтарын қамтамасыз ету және бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мақсатында құрылған. Оның қызметі Қазақстан Республикасының ішкі заңнамасымен ғана емес, сонымен қоса халықаралық құқық нормаларымен де реттеледі. Ассамблеяның құқықтық негіздеріне тоқталсақ:

– Қазақстан Республикасының Конституциясы – елдегі этностық теңдікті, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бекітетін негізгі құжат.

– Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңы – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымы мен қызмет ету қағидаттарын реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық акт.

– «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Ереже – оның қызметін ұйымдастыру тәртібін белгілейтін нормативтік акт[3].

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы көптеген халықаралық шарттар мен конвенцияларға қосылған. Аталған құжаттар елдегі этносаралық келісім саясатын халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге көмектеседі. Мысалы:

– БҰҰ-ның «Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы» халықаралық конвенциясы - Қазақстан аталған конвенцияға қосылу арқылы нәсілдік кемсітушіліктің кез келген түріне жол бермеуге және ұлттық саясатында барлық этностардың теңдігін қамтамасыз етуге міндеттенді [4].

– «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» халықаралық пакт - Қазақстанда әр адамның этникалық шығу тегіне қарамастан, тең құқықтары сақталуы тиіс [5].

– «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы» халықаралық пакт-барлық этностардың өздерінің мәдениетін, тілін және дәстүрлерін сақтауға және дамытуға құқығы бар [6].

– Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының қағидаттары - Қазақстан 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті және этносаралық келісім мен тұрақтылықты сақтау бойынша өз тәжірибесін халықаралық қауымдастыққа таныстырды [7].

Қазақстан халқы Ассамблеясы аталып кеткен қағидаларды сақтай отырып, Қазақстанның этносаралық келісімін нығайтуда маңызды рөл атқарады. Ол басқа елдермен өзара тәжірибе алмасып, халықаралық ұйымдармен бірлесіп жұмыс істейді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық келісімді нығайту арқылы әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ықпал етеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы этномәдени бірлестіктердің жұмысын қолдап, олардың тілдік және мәдени құқықтарын қамтамасыз етуге көмектеседі. Ассамблея заңнамалық бастамалар арқылы кемсітушілікке қарсы күрес жүргізіп, қоғамда тең құқықтық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Мекеме халықаралық ұйымдармен серіктесіп, Қазақстанның адам құқықтарын қорғау тәжірибесін әлемдік деңгейде таныстырады. Қоғамдық келісім кеңестері мен диалог алаңдары арқылы Ассамблея әлеуметтік шиеленістердің алдын алуға және толеранттылық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының адам құқықтарын қорғаудағы рөлі ретінде - Қазақстан Республикасындағы этносаралық келісімді сақтауға және нығайтуға бағытталған бірегей институт болып келеді. Оның қызметі барлық этностардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, мәдени әртүрлілікті сақтауға, ұлттық бірлікті күшейтуге және кемсітушіліктің алдын алуға бағытталған. Адам құқықтарының активисті Жовтис Е. мырзаның пікірінше, адам құқықтарын қорғаудағы Ассамблеяның рөлі бірнеше негізгі бағытта жүзеге асырылады:

– Этносаралық теңдік және кемсітпеушілік. Қазақстан Республикасының Конституциясындағы 14-бабына сәйкес, барлық азаматтар заң мен сот алдында тең және ешкім ұлтына, нәсіліне, дініне, тіліне немесе басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітілмеуі тиіс. Ассамблея осы норманы іске асыру үшін келесі жұмыстарды атқарады: 1) ұлтаралық теңдікті қамтамасыз етеді, барлық этностардың Қазақстан қоғамында тең құқықтарға ие болуына кепілдік береді; 2) кемсітушілікке қарсы іс-қимыл жасайды, ҚХА-ның этносаралық қатынастарда теңдікті сақтау үшін мемлекеттік органдармен бірлесіп шаралар жүргізеді; 3) этностық шиеленістердің алдын алу бойынша этносаралық қақтығыстарды болдырмауда диалог алаңдарын ұйымдастырады. Көрнекті мысал ретінде 2010 – жылдағы «Этносаралық келісімнің қазақстандық моделі» қабылданған бағдарламасы мен 2021 – жылда құрылған «Қоғамдық келісім кеңестері» болды.

– Мәдени және тілдік құқықтарды қорғау. Қазақстан Республикасының Конституциясының 19-бабында бекітілгендей әр этнос өкілі өз тілінде сөйлеуге, мәдениетін дамытуға және дәстүрлерін сақтауға құқылы. Ассамблеяның мәдени және тілдік саясаттағы рөлі аясында әртүрлі этностарға тиесілі мәдени шараларын ұйымдастырумен қоса олардың ана тілдерін оқытқызу жатады.

– Қоғамдық келісім мен толеранттылықты нығайту. Ассамблея Қазақстан халқы арасында бейбітшілік пен татулықты нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргізеді. Оның ішінде дөңгелек үстел ұйымдастыру, ашық есіктер күнін өткізу, қоғамдық келісім кеңестерін арттыру. «Қайырымдылық керуені» байқауы мысал болуға лайықты, ол әлеуметтік осал топтарға көмек көрсету арқылы этностар арасындағы ынтымақтастықты нығайтумен айналасқандықтан ол өте жақсы мысал [8;6].

Қазақстан халқы Ассамблеясы елдегі этностардың құқықтарын қорғау, ұлттық бірлікті сақтау және этносаралық келісімді нығайту бағытында белсенді жұмыс істейді. Оның адам құқықтарын қорғаудағы рөлі келесі негізгі аспектілерден тұрады:

– Этносаралық теңдік пен кемсітушілікті жою

- Тілдік және мәдени әртүрлілікті сақтау
- Қоғамдық келісім мен толеранттылықты нығайту
- Халықаралық деңгейде адам құқықтарын қорғау
- Заңнамалық процестерге қатысу

ҚХА-ның қызметі Қазақстанның тұрақтылығы мен бейбітшілігін қамтамасыз етуге, әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға бағытталған.

Өмір болғанымен жанжалдар болуы әбден мүмкін, тура солай халық арасындағы қақтығыстарда. Шубина Л.В. өзінің «Межнациональные конфликты: характеристика, причины и основные классификации» атты ғылыми мақаласында әртүрлі этностар, ұлттар арасындағы үстемдікке ұмтылу үшін күрес бар дегенді - ұлтаралық қақтығыс деп түсіндірді [9;4].

Аталып кеткен мәселе орын алған жағдайда ҚХА, Достық үй ұйымдарының медиация топтары көмекке келеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы медиация орталықтары этносаралық шиеленістердің алдын алуда және оларды бейбіт жолмен шешуде маңызды құрал болып табылады. Медиация – жанжалға қатысушы тараптар арасында диалог орнатып, өзара тиімді шешім табуға көмектесетін механизм.

Қазақстанда 2011 жылы қабылданған «Медиация туралы» заңда бұл ұғымға келесі анықтама берілген: «Медиация – тараптардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында медиатордың (медиаторлардың) көмегімен дау-жанжалды (қақтығысты) реттеу рәсімі, ол тараптардың ерікті келісімі негізінде жүзеге асырылады». Басқаша айтқанда, бұл – дауларды сотқа дейінгі тәртіппен шешудің делдалдық әдісі.

Белгілі болғандай, Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында медиаторлар рөлін көбінесе аймақтардағы түрлі этномәдени орталықтардың өкілдері атқарады. Бұл адамдар, әдетте, өз қауымдастықтарында беделді және жергілікті жағдайды жақсы білетін тұлғалар. Олардың араласуы этносаралық қайшылықтарды шешуде маңызды рөл атқарады [10;1].

Этносаралық қайшылықтар мен қақтығыстар – өте нәзік мәселе, олар көбіне қоғам тарапынан аса эмоционалды қабылданады. Егер мұндай мәселелер қоғамдық талқылауға шығарылса, олар кең резонанс тудырып, әртүрлі пікірлерге себеп болуы мүмкін. Дәл осы тұрғыдан алғанда, соттан тыс реттеудің прагматикалық мәні зор: ол қақтығысқа қатысушы тараптардың моральдық, материалдық және уақыт шығынын барынша азайтады, бюрократиялық кідірістерді қысқартады, сондай-ақ қақтығысты шешу процесін және оған қатысушылардың құпиялылығын қамтамасыз етеді, өйткені дау-жанжал ашық талқыланбайды.

Сонымен қатар, медиация рәсімі қақтығысты достық негізде шешуге бағытталған, бұл барлық тараптардың шешім қабылдау процесіне тікелей қатысуын қамтамасыз етеді. Ал сот шешімі кейбір тараптардың мүддесіне сай келмеуі мүмкін. Басқаша айтқанда, медиацияда жеңілген немесе жеңген тарап болмайды – барлық қатысушылар үшін өзара тиімді шешім табылады.

Медиацияның әсері және пайдасы:

– Қақтығыстардың алдын алу: медиация этностар арасындағы келіспеушіліктер мен түсінбеушіліктерді ерте кезеңде анықтауға және оларды ушықтырмай шешуге көмектеседі.

– Қоғамдық тұрақтылықты сақтау: медиация халықтың әлеуметтік наразылығын төмендетіп, этникалық топтар арасындағы сенімді нығайтады.

– Диалог алаңын құру: медиация арқылы тараптар ашық сөйлесіп, мәселелерді бейбіт жолмен талқылауға мүмкіндік алады.

– Заңнамалық реттеуге балама жол: кейбір жанжалдар сотқа жетпей шешіліп, даудың құқықтық күреске ұласпауына жағдай жасайды.

– Мәдени және тілдік айырмашылықтарды түсіндіру: медиация барысында этностардың дәстүрлері мен құндылықтары түсіндіріліп, олардың өзара қарым-қатынасы жақсарды [11;1].

Қазақстанның көпэтностық құрылымы түрлі этностар арасындағы қарым-қатынастардың күрделілігімен ерекшеленеді. Кейде әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, мәдени айырмашылықтар немесе ресурстарға қол жеткізудегі қиындықтар этносаралық шиеленістерге алып келуі мүмкін. Қазақстанда мұндай жағдайлар орын алған, мысалы, 2020 жылы Қордай ауданында қазақтар мен дүңгендер арасындағы қақтығыс. Бұл жағдай этносаралық тұрақтылықты сақтау үшін тиімді механизмдердің қажет екенін көрсетті.

Нақты мысал ол 2020 – жылдың Қордай ауданында болған ұлтаралық шиеленіс. «Қазинформ» агентігінің мәлімдеуінше, 2020-жылы Жамбыл облысының Қордай ауданында қазақтар мен дүңгендер арасында тұрмыстық жанжал ұлтаралық қақтығысқа ұласты. Бұл оқиға әлеуметтік желілерде кеңінен талқыланып, халық арасында алаңдаушылық туғызды. Медиацияның рөлі келесі жақсы жетістіктерге қол жеткізілді:

- ҚХА медиаторлары жергілікті тұрғындармен кездесулер өткізіп, екі тарапты сабырға шақырды.

- Қақтығыстың себептерін талдап, халықтың талап-тілектерін билік өкілдеріне жеткізді.

- Этномәдени бірлестіктер мен ақсақалдар кеңесі арқылы халыққа түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

- Дағдарыс кезінде ақпараттық манипуляциялардың таралуын болдырмау үшін жергілікті БАҚ-қа дұрыс ақпарат беру ұйымдастырылды.

- Жергілікті деңгейде келісімге келу шаралары қабылданып, этностар арасында сенімді қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді [12;1].

Халықаралық тәжірибе мен Қазақстандағы тәжірибелерді зерттеу нәтижесінде еліміздің құқықтық жүйесіне маңызды өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне, Қылмыстық процестік кодексіне, Қылмыстық кодексіне және Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне тиісті толықтырулар мен өзгерістер қабылданды. Бұл заңдардың қабылдануына дейін Ассамблеяның Қоғамдық кеңесі мүшелерінің, заңгер әріптестердің, қоғам қайраткерлерінің және Жоғарғы Сот өкілдерінің ауқымды жұмысы жүргізілді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 70-тен астам қоғамдық медиация орталығы жұмыс істейді. Олардың құрамында 5000-нан астам медиатор бар, олардың қатарында кәсіби медиаторлармен бірге бұл қызметпен азаматтық парыз ретінде айналысатындар да кездеседі. Ассамблея аясында олар жоғары беделге ие болып, қоғамдық медиаторлар деп аталады.

Медиацияны дамытудағы маңызды қадамдардың бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Жоғарғы Сот арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылуы болды. Бұл келісім медиация институтын нығайтуға және оны құқықтық жүйемен интеграциялауға айтарлықтай үлес қосты.

Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясының барлық Достық үйлерінде (300-ден астам) медиация кабинеттері ашылған. Сонымен қатар, елдің барлық өңірлерінде кәсіби медиаторлар желісі қарқынды дамып келеді. Оған қоса, халықаралық жобалар жүзеге асырылып, медиация саласындағы тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілуде. Осылайша, елімізде медиация институтының тұрақты дамуы үшін қажетті қоғамдық-құқықтық негіздер қалыптасты [13;1].

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қолданбалы этносаралық қатынастар институты ұлтаралық қақтығыстарды, ұлтаралық шиеленістерді шешетін ең негізгі әрі жалғыз институт. Көпұлтты мемлекет ретінде этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайтуды өзінің басты басымдықтарының бірі деп санайды. Осы мақсатта әртүрлі құрылымдар мен институттар жұмыс істейді. Солардың бірі – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қолданбалы этносаралық қатынастар институты. Бұл институт елдегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу, оларды реттеу бойынша ғылыми-талдамалық жұмыс жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында құрылған.

Қолданбалы этносаралық қатынастар институтының негізгі қызмет бағыттары:

– Ғылыми-зерттеу жұмыстары – Қазақстандағы этносаралық және конфессияаралық қатынастарды жан-жақты зерттеу, сараптамалық баяндамалар дайындау.

– Әлеуметтік мониторинг – этносаралық жағдайдың өзгерістерін талдау, қақтығыстардың алдын алу және қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін ұсыныстар әзірлеу.

– Құқықтық және әдістемелік қолдау – мемлекеттік органдарға этносаралық саясатты жүзеге асыру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар беру.

– Оқу-ағарту және біліктілікті арттыру – мемлекеттік қызметшілер мен этномәдени бірлестіктер өкілдеріне арналған семинарлар, тренингтер, әдістемелік құралдар дайындау.

Этносаралық қатынастарды үйлестіру – Қазақстан халқы Ассамблеясының басты міндеттерінің бірі. Қолданбалы этносаралық қатынастар институты осы бағытта ғылыми негізделген тәсілдерді әзірлеу арқылы этносаралық шиеленістердің алдын алу және оларды шешу жолдарын ұсынатын негізгі құрылым болып табылады. Институттың талдамалық зерттеулері мен ұсынымдары мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Соңғы жылдары институт этносаралық қарым-қатынастарға әсер ететін факторларды зерттеу және медиация тетіктерін жетілдіру бойынша бірқатар жобаларды жүзеге асырды. Бұл зерттеулер Қазақстан қоғамындағы ұлтаралық келісімді нығайтуға және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстан Республикасындағы этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығы 2015 жылы бірқатар маңызды ғылыми жобаларды жүзеге асырды. Бұл жобалар Қазақстандағы мемлекеттік басқару, қоғамдық келісім және ұлттық бірлік салаларындағы өзекті мәселелерді зерттеуге бағытталды.

Қазақстан Республикасындағы этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік басқару және қоғамдық саясат: қоғамдық келісімді нығайтуда басқару технологиялары мен азаматтық қатысуды қалыптастыру (2014-2016 жж.). Бұл жоба этносаралық қатынастарды реттеудегі мемлекеттік басқару мен қоғамдық саясаттың рөлін зерттеуге арналды. Негізгі мақсаты – қоғамдық келісімді нығайту үшін басқару технологиялары мен азаматтық қатысу механизмдерін әзірлеу болды. Жоба нәтижелері этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды қамтыды.

Қазақстан халқының қоғамдық келісімі және ұлттық бірлігі: тұжырымдамалық негіздер, институттар және қамтамасыз ету механизмдері (этносаяси менеджментті жаңғырту мәселелері) (2014-2016 жж.). Осы зерттеу Қазақстандағы қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті қамтамасыз етудің тұжырымдамалық негіздерін, институттарын және механизмдерін талдауға бағытталды. Жоба аясында этносаяси менеджментті жаңғырту мәселелері қарастырылып, осы саладағы мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Қазақстан Республикасындағы этносаралық және конфессияаралық қатынастар тарихы, оның ішінде ең ірі этностардың тарихы (2014-2016 жж.) Аталған жоба Қазақстандағы этносаралық және конфессияаралық қатынастардың тарихи дамуын зерттеуге арналды. Зерттеу барысында еліміздегі ең ірі этностардың тарихы мен олардың өзара қарым-қатынастары қарастырылды. Жоба нәтижелері Қазақстан қоғамындағы этносаралық және конфессияаралық қатынастардың қазіргі жағдайын түсінуге және болашақтағы даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Сыбайлас жемқорлықтың социологиялық өлшемі: зерттеу әдістемесі және қоғамның зерттеу нәтижелеріне көзқарасы (2015-2017 жж.). Бұл зерттеу сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік аспектілерін, оны өлшеу әдістемесін және қоғамның осы мәселеге деген көзқарасын талдауға бағытталды. Жоба нәтижелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегияларын әзірлеуде маңызды рөл атқарды.

Аталған жобалар Қазақстандағы этносаралық және конфессияаралық қатынастарды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық мәселелерін терең түсінуге және осы салалардағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге елеулі үлес қосты [14;1].

Біздің елімізде ұлтаралық шиеліністер, ұлтаралық қақтығыстар болмас үшін ҚХА мен Достық үй ұйымдары «Этносаралық қақтығыстардағы медиация» тренингтерін жүргізеді және

кеңес отырыс өтіледі сосын «Елдесу және татуласу» жобаларын әзірлейді сонымен қоса ашық есік күндерді жариялайды. Ассамблея өтілетін іс-шараларды жетік білу үшін <https://assembly.kz/> ресми сайтының ұсынамыз.

2024 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2022–2026 жылдарға арналған Қазақстан халқы Ассамблеясын дамыту тұжырымдамасын табысты іске асырды. Осы жұмыс аясында 9 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылып, оларға 700 мыңнан астам адам қатысты.

Жылдың маңызды оқиғаларының бірі – 25 сәуірде Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясы болды. Бұл шараға 1500-ден астам адам, соның ішінде Ассамблея мүшелері, Парламент депутаттары және этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысты.

Ақпараттық саладағы маңызды жетістіктердің бірі – «Отандастар», «Бірлік бесігі» және «Шаңырақ» бағдарламалары сияқты 6 деректі фильмнің жарыққа шығуы. Сонымен қатар, Қазақстанның әртүрлі қалаларында Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Журналистер клубының отырыстары өткізіліп, онда этносаралық қақтығыстардың алдын алу және «өшпенділік тіліне» қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Білім беру саласында да маңызды қадамдар жасалды. Елдегі төрт жоғары оқу орнында «Этносаяси сауаттылық» пәні енгізілді. Сонымен қатар, «Этносаясаттану» және «Этножурналистика» пәндерін оқытатын жоғары оқу орындарының санын арттыру жұмыстары жүргізілуде.

Жастар үшін «Бірлік» халықаралық лагері мен Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тіл мектебі» ұйымдастырылды. Бұдан бөлек, «Бір ел» және «Бейбітшілік пен келісім жолымен» жобалары жүзеге асырылды.

2024 жылғы 22 қарашада Астана қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» мәдени-ағартушылық жобасының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Бұл жоба қазақстандық бірегейлікті насихаттауға және мемлекеттік тілді меңгеру арқылы халық бірлігін нығайтуға бағытталған. Жоба аясында әртүрлі этнос өкілдерінен шыққан мектеп жасына дейінгі балалар, оқушылар мен жастар қазақ халқының ұлттық және рухани құндылықтарын шығармашылық арқылы игеру мүмкіндігіне ие болды.

2025 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің құрылғанына 30 жыл толуын атап өтіп отыр. Осыған байланысты 5 мыңнан астам түрлі форматтағы іс-шаралар өткізу жоспарланып отыр [15;1].

Қазақстан халқы Ассамблеясы елдегі этносаралық келісімді нығайту және қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында құрылды. Дегенмен, оның қызметінде бірқатар мәселелер бар. Төменде ҚХА-ның негізгі мәселелер мен оларды жою жолдары қарастырылады.

Ассамблеяның саяси ықпалының шектеулілігі. Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілгендей, Ассамблеяның 5 мүшесін біздің Президенттің ұсынысымен Сенатқа тағайындалғанымен, ҚХА заңнамалық процестерге әсері шектеулі. ҚХА көбінесе кеңесші-ұсыныс беруші орган ретінде ғана қызмет атқарады, бұл оның шешімдерін міндетті түрде орындау қажеттілігін төмендетеді. Мәселені жою жолы - ҚХА-ның заңнамалық бастамаларды ұсыну және қабылдау процесіндегі рөлін күшейту.

Қоғамдағы енжарлы рөлі. Кейбір азаматтар ҚХА-ның рөлін толық түсінбейді немесе оның тиімділігіне күмәнмен қарайды. ҚХА қызметін БАҚ және қоғам арасында жеткілікті деңгейде насихаттаудың әлсіздігін көрсетеді. Біздің ойымызша шешу жолы ретінде әлеуметтік желілерде жарнамалау, ал қоғамда ҚХА туралы сауатты үгіт-насихат жүргізу.

ҚХА құрамындағы кейбір этностық топтардың белсенділігі жоғары болғанымен, басқаларының өкілдігі аз. Кейбір этностық бірлестіктер қаржылық және инфрақұрылымдық қолдаудың жеткіліксіздігінен өз қызметін толық атқара алмайды. Бір қатар шешу жолдарын ұсынамыз: әрбір этномәдени бірлестіктің мүддесін ескеріп, олардың қызметіне мемлекеттік деңгейде көбірек назар аудару.

Қазақстан халқы Ассамблеясы елдегі этносаралық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Оның қызметі бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған. Қазақстанның көпэтностық құрылымы елдің ішкі тұрақтылығы мен дамуы үшін ерекше маңызға ие. Осыған байланысты, ҚХА этностар арасындағы мәдени және тілдік ерекшеліктерді сақтауға жағдай жасап, толеранттылықты қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, Ассамблея медиация институттары арқылы этносаралық шиеленістердің алдын алып, оларды бейбіт жолмен шешу тәжірибесін жүзеге асырады. Қордай оқиғасындағы ҚХА медиаторларының рөлі бұл институттың тиімділігін айқындады. ҚХА қоғамдық келісім кеңестері мен диалог алаңдары арқылы азаматтық қоғаммен тығыз байланыс орнатады. Бұл – халықтың бірлігі мен ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған маңызды қадам. Сонымен қатар, Ассамблеяның ұйымдастыратын мәдени іс-шаралары этностар арасындағы түсіністік пен достықты арттыруға мүмкіндік береді. ҚХА-ның болашақтағы дамуы Қазақстанның әлеуметтік тұрақтылығы мен экономикалық өсіміне тікелей әсер етеді. Оның қызметі азаматтық қоғамның нығаюына және демократиялық құндылықтардың дамуына ықпал етеді. Қазақстандағы этносаралық татулық – ел дамуының басты кепілі. Осы тұрғыда ҚХА-ның рөлі ерекше болып қала бермек. Алдағы уақытта Ассамблея өзінің тиімділігін арттырып, этносаралық қатынастарды одан әрі дамытуға үлес қосуы қажет. Қазақстан халқы Ассамблеясы бейбітшілік пен тұрақтылықтың негізгі тіректерінің бірі ретінде өз миссиясын жалғастыра береді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – ел бірлігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін бірегей институт. Ол әр ұлттың мәдениеті мен тілін сақтауға жағдай жасап, халықты ортақ мақсатқа біріктіреді. ҚХА-ның арқасында Қазақстан бейбітшіліктің, татулықтың және ынтымақтастықтың символына айналды. Ел ішіндегі тұрақтылық – мемлекет дамуының басты кепілі, ал Ассамблея осы тұрақтылықтың берік іргетасын қалаушы күш. ҚХА қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту арқылы еліміздің жарқын болашағына жол ашады. Әрбір азаматтың құқығы мен мүддесін қорғау – Ассамблеяның басты міндеттерінің бірі. Оның жұмысы Қазақстанның халықаралық беделін арттырып, әлемге татулық пен бірліктің үлгісін көрсетуде. ҚХА-ның болашағы зор, себебі ол елдегі барлық этностарды ортақ құндылықтар төңірегіне біріктіре алады. Біз бірлігімізді сақтап, ынтымақта өмір сүргенде ғана Қазақстан дамыған, қуатты мемлекетке айналады. ҚХА – біздің тұрақтылығымыздың, өркендеуіміздің және кемел келешегіміздің кепілі.

### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл
3. Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» 2008 жылғы 20 қазандағы Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000070>
4. International Convention on the Elimination of All Forms of Racial Discrimination 1965 // <https://www.refworld.org/legal/agreements/unga/1965/en/13974>
5. Қазақстан Республикасының «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» 2005 жылғы 28 қарашадағы Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091>
6. Қазақстан Республикасының «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» 2005 жылғы 21 қарашадағы Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000087>
7. OSCE. Helsinki Final Act 1975 // <https://www.osce.org/helsinki-final-act>
8. Evgeny A. Zhovtis Freedom of Association and the Question of Its Realization in Kazakhstan 2011 // <https://doi.org/10.1515/9780295800530-005>